

**"Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" Шымкент қалалық мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 39/266-5с шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 46/327-5с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 3166 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/627-6с шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/627-6с шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы Заңының 1 бабының 3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қалалық мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 39/266-5с "Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2784 тіркелген, 2014 жылғы 29 тамызда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы";

шешімнің бүкіл мәтіні бойынша "ставкалары" деген сөздер тиісінше "мөлшерлемелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,*

*қалалық мәслихат хатшысы*

*Н.Бекназаров*